			сөйлемді мағынасына байланысты толықтыруға үйретуді жалғастыру. Дағды: Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуға жаттықтыру, сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: сөйлем құрайды, сөйлемді мазмұнына қарай аяқтайды. Түсінеді: дауысты, дауыссыз дыбыстардың сөздегі орнын, тиым сөздердің мағынасын түсінеді. Қолданады: дыбыстарды ажыратады, тиым сөздерді қолданады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Ой қозғау: «Артығын тап» 1. Кесе, тәрелке, қазан, қасық, асық .(асық) 2. Жылқы, қой, қозы, түйе, бие, шие. (шие) 3. Шахмат, хоккей, футбол, волейбол, бокс, фокус. (фокус) 4. Пияз, қияр, қызанақ, сәбіз , жүзім. (жүзім) 5. Балға, балта, ара, егеу, шеге, терезе. (терезе) Түсіну: Ойын: «Сөз тізбегі» Допты беріп сөз айтады, бала сөз аяталған дыбыстан басталатын сөз бір сөз айтып допты келесі балаға береді. Ойынға барлық бала қатысыды. Сөздің басындағы және соңындағы дыбыстарды мұқият тыңдау, дұрыс айту ескертіледі. Мысалы: <i>алша-алмұрт-тарақ-қант-тау-уық-қалам-мал-лақ-қазан-нағашы-ыдыс- сағыз-зәкір-рауғаш-шар-радио-ожау-уыс-сәбіз, Зарина-алқа-аю.</i> «Дыбысты тап» дидактикалық ойыны Қоңыз сөзінде жуан дауысты «о»	Дағды: сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, ұлттық салт- дәстүрлерге байланысты сөздерді айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: ою атауларын қайталап естеріне сақтайды, мәтінді қайталайды. Түсінеді: қазақ ұлттық бұйымдардың қазақы ою-өрнектерімен өрнектелетінін, олардың әртүрлі болып келетінін түсінеді. Қолданады: оюларды атап, қолдана алады, сұрақтарға жауап береді. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Еске түсіру сәті: «Киіз үй» тақырыбын қайталауға арналған «Ата, көрсет» ойыны: тақтадағы суреттер бойынша. Түсіну: Әжем сырмақ сырады Әдетімен күндегі. Сырмақтағы оюы Кең даланың гүлдері. – Такпақ не туралы? – Әже не сырады? – Оюлар неге ұқсайды? – Кең даланың гүлдеріне ұқсайды. Білу: Сурет бойынша жұмыс жүргізіледі. – Әжелер сырмақ жасап отыр. Әжелер не істеп отыр? – Әжелер сырмақ жасап отыр. – Сырмақты оюмен өрнектеп отыр. Сырмақты немен өрнектеп отыр? – Сырмақты оюмен өрнектеп отыр. Үлгілер бойынша оюмен таныстыру. Ою – оюлар. – Мына ою «гүл» деп аталады.	Қазақстан Қызыл кітабына енгізілген жануарлар мен өсімдіктер туралы түсініктерін нығайту. Дағды: Тірі нысанды суреттеу қабілетін, зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген жануарлар мен өсімдіктердің кейбір түрлерін атап береді. Түсінеді: жануарлар мен өсімдіктердің сирек кездесетін түрлерін неліктен қорғау қажеттігін. Қолданады: коммуникативтік дағды қалыптасқан, тыңдай біледі, талдай алады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Эмоционалдық көңіл күй қалыптастыру. Миға шабуыл: Қазақстанның физикалық картасымен танысуға шақырады. Елімізде өсімдіктер мен жануарлардың алуан түрі бар. Қазақстанды қандай жануарлар мекендейді? Бізде қандай құстар тіршілік етеді? Қандай жәндіктер бар? Қазақстанның өзен-көлдерін нелер мекендейді? Қандай өсімдіктердің атауларын атап бере аласындар? Балалар өздері білетін мәліметтермен бөліседі. Бір-бірінің жауаптарын толықтырады. Түсіну: Күнтізбеде бүгінгі ауа райын белгілеу. Суреттер бойынша жұмыс. Қауіп төніп тұрған жануарлар мен өсімдіктер жайлы мәлімет береді. Оларды зерттеуге
--	--	--	--	--	---

		дыбысы нешінші буында естіліп тұр. Қозы сөзінде жуан дауысты «ы» дыбысы нешінші буында естіліп тұр. Қораз сөзінде жуан «а» дауысты дыбысы нешінші буында естіліп тұр. Тауық сөзінде жуан «ы» дыбысы нешінші буында естіліп тұр. «Сөздің бірінші дыбысын айт» дидактикалық ойыны Мен сендерге сурет көрсетем, сендер суретті атап, бірінші дыбысын анықтап айтасыздар. Балаларды екі командаға бөледі, бірінші бір командамен содан кейін екінші командамен ойнайды. Мысалы: <i>ыдыс (ы), уық (у), әткеншек (ә), өрмекші (ө), ешкі (е), элеватор (э), ірімшік (і), ине (и), үтік (ү), арыстан (а), оймақ (о), ұлу (ұ), апельсин (а), оқтау (о), ұя (ұ), әтеш (ә), өшіргіш (ө), етік (е), экскаватор (э), ілгіш (і), ит (и), үкі (ү) т.б.</i> Балалар, сендер қандай дыбыстардан басталатын сөздер айттыңдар? Дауысты дыбыстардан басталатын сөздер. Дауысты дыбыс екенін қайдан білдіңдер? Дыбысты айтқанда кедергіге ұшырамайды. Қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын сөздер: <i>кілт (к), киіз (к), қант (қ), тышқан (т), шымшық (ш), пима (п), сақина (с), хат (х), циркуль (ц), щетк (щ), күре (к), трактор (т), сағыз (с), тау (т), қайшы (қ), фабрика (ф), қамшы (қ), парта (п), шар (ш), сиыр (с), су (с), қап (қ) т.б.</i> Балалар, сендер қандай	Мына ою қалай аталады? – Мынау ою «гүл» деп аталады. – Түсі қандай болады? (Суреттегі түстерді атайды). – Мынау ою «қошқармүйіз» деп аталады. Мынау қандай ою? – Мынау – «қошқармүйіз» ою. (Жеке-жеке айтып жаттығады). – Мынау – тұмарша, тұ-мар-ша – Мынау қандай ою? – Мынау – тұмарша. – Мынау – балта, бал-та. – Мынау қандай ою? Мынау – балта. Ою ерекшеліктерін, оны қолдану жолдары, олардың түстері туралы әңгімелеу. Ұлттық бұйымдардың өз оюлары, түстері болатынын түсіндіру. Оюларды көрсету, ою аттарын қайталау. Қолдану: Шағын мәтін құрап айтады: <i>Әжелер сырмақ жасап отыр. Сырмақты оюмен өрнектеп отыр. Мынау – гүл ою. Мынау ою «қошқармүйіз» деп аталады. Мынау – тұмарша. Мынау – балта. Сырмақ әдемі, жылы. Сырмақ жүннен жасалады.</i> (3-4 бала мәтінді қайталайды.) Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Ү-ү-ү-ү – гүл – гүл Қ-қ-қ-қ – қошқар – қошқармүйіз Ұ-ұ-ұ-ұ – тұмарша – тұмарша Поэзиялық сәт: Орнымыздан тұрайық, Керегені құрайық. Уық болып иіліп, Шаңыраққа киіліп, Киіз үйді құрайық. Сөздік ойын: «Ұйқасын тап» Медведь – ... (аю),	шақырады. Олардың жойылып бара жатқанын ескертеді. Сирек кездесетін осындай жануарлар мен өсімдіктерді қалай сақтап қалуға болатыны жөнінде кеңес береді. Біз өсімдіктермен, жануарлармен тығыз байланыста тіршілік етеміз. Құстарды жойып жіберсек – жәндіктер жасыл желекті жеп бітіреді – адамдар ағаштардың жемістері мен көгөністерді жей алмай қалады. Табиғаттағы байланыс осындай: біреуі жойылса – екіншісі ауырады – үшіншісі өледі. Білу: Сирек жануарлар мен өсімдіктер біздің елімізде де, өзге мемлекеттерде де заңмен қорғалады. Бірақ қайырымсыз адамдар заңды жиі-жиі бұзады. Адамдар көбіне өсімдіктер мен жануарларға қатыгездік танытады. Оларды аямайды, өз мақсатына жету үшін құртып, жояды. Жануарлардың бірі әдемі терісінен, екіншісі – дәмді етінен зардап шегеді. Үшіншілерін адамдар қорыққандықтан өлтіреді. Жануарлар мен өсімдіктер біртіндеп азайып барады. Содан соң адамдар: «Осы бассыздықты қалай тоқтатамыз, жанды табиғатты қайткенде сақтап қаламыз», – деп ойлана бастады. Ғалымдар «жойылып бара жатқан жануарлар өсімдіктерді білсін» деген мақсатта Қызыл кітапты ойлап тапты. Неліктен кітап басқа түспен емес, қызыл түспен аталады? Өйткені, қызыл түс – қауіпкердің түсі!
--	--	--	--	---

			дыбыстардан басталатын сөздер айттыңдар? Қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздер. Дұрыс. Өйткені ауыз қуысынан кедергіге ұшырап шығып тұр, тек салдырдан тұрады, созып айтылмайды Қолдану: «Сөйлемді толықтыр» дидактикалық ойыны Педагог сөйлемді бастайды, ал балалар аяқтайды. Мысалы: Асхат таңертең ... (<i>бақшаға барды</i>). Анамның ертең ... (<i>туған күні</i>). Маржан кеше ... (<i>ерте тұрды</i>). Балалар қатты ... (<i>қуанды</i>). Ерланның иті ... (<i>қабаған</i>). Менің сіңілім ... (<i>мысықты жақсы көреді</i>). Әкем көп ... (<i>жұмыс жасайды</i>). Достарым мені ... (<i>сыйлайды</i>) . Әжем бауырсақ ... (<i>ісірді</i>) . Бізге кешігуге (<i>болмайды</i>). Балалар, сендер тыйым сөздерді білесіңдер ма? Тыйым сөздер деген не? Тыйым сөздерді үлкендерден естігендерің бар ма? Балалардың жауабы тыңдалады. Білу: Дидактикалық ойын: «Дұрыс көрсет» Балаларға дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздер айтады, балалар сөз қатаң дыбыстан басталса, көк төртбұрыш, ұяң дауыссыз дыбыстан басталса, көк түсті дөңгелекті, ал егер сөз үнді дауыссыз дыбыстан басталса, көк түсті үшбұрышты көрсетеді және қандай дауыссыз екенін атап береді. Поэзиялық сәт: -Екі көзің не үшін керек?	Орнамент —... (ою). Глаза — ... (көз), Слова — ... (сөз).	Назар аударыңыз! Ол бағдаршамның қызыл түсі сияқты «Абайлаңыз! Қауіп төніп тұр!» – деп белгі беріп тұрады. Қазақстанның Қызыл кітабымен танысады. Қолдану: «Жануарлар несімен ерекшеленеді?» атты дидактикалық ойын ойнауға шақырады. Жануарлардың өздеріне тән белгілерін (айырмашылықтарын) атайды. Балалар соған қарап, оның қандай жануар екенін табады. Көлеміне қарай: Өте ұсақ: жәндіктер Орташалар: қалтауыз, тышқан, көртышқан. Ірілері: кит, піл. Ұзын: жылан, кесіртке, қолтырауындар. Шар тәріздестер: кірпі. Бояуына қарай: Қара: қарға, ұзақ, бүркіт. Ақ: қоян (қыста), ақ аюақ түлкі. Сұр: қасқыр, қоян (жазда), қабылан. Мекендейтін жеріне қарай: Суда: балық, шаян. Жердің астында: құрттар, көртышқан. Орманда: қоян, тиін, аю. Өзекті мәселе: Қорық дегеніміз не? Педагог тәрбиеленушілерді Қазақстанның қызыл кітабына енгізілген сирек жануарлар мен өсімдіктерге қатысты иллюстрациялармен танысып шығуға шақырады. Қорықтар картасымен де таныстыруға болады. Қорық – сирек кездесетін жануарлар мен құнды өсімдіктерді қорғап өсіретін аймақ. Қорықта: шөптер де, саңырауқұлақтар да, құстар да, балықтар да, жалпы, барлық тіршілік иесі қорғалады.
--	--	--	--	--	--

			-Жақсыларды көру үшін! -Екі қолың не үшін керек? -Елге көмек беру үшін! -Құлақ деген не үшін керек? -Ақыл-кеңес тыңдау үшін! -Жүрек деген не үшін керек? -Жауларыңнан қаймықпау үшін! -Тіл мен жағың не үшін керек? -Ақиқатты айту үшін! -Ал аяғың... -Ал аяғың сыртта жүрсең -Туған жерге қайту үшін! Саусақ жаттығуы Екі үйрек келеді, Бірін-бірі көреді. Бір-біріне қарайды, Сәлемдесіп алады.		
--	--	--	--	--	--

3 үзіліс – 11:10 – 11:20

Балалардың дербес іс-әрекеті

Басты мақсат: Балаларды білесіп жұмыс істеуге үйрету, еңбекті құрметтеуге дағдыландыру, өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу. Шапшаңдылыққа, жылдамдыққа дағдыландыру.



Қимылды, еңбек ойын: «Күзетшілер»

Мақсаты: Балаларды білесіп жұмыс істеуге үйрету. Шапшаңдылыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.

Әдістемелік нұсқаулар: Бұл ойынға қанша бала болса да қатыса алады. Екі ойыншы қақпаның күзетшілері болады. Екеуінің де көзі орамалмен байланады да, аралары бір адымдай қашықтықта қолдарын аяқастыра ұстап, қарама-қарсы «көпір» жасап тұрады.

Басқа балалар бір-бірлеп күзетшілер күзеткен қақпадан екеуінің ортасы арқылы білдірмей өтіп кетуге тиіс. Күзетшілердің сыртынан айналып өтуге болмайды. Егер күзетшілердің біреуі өтіп бара жатқанын сезіп қойса, оған қолын тигізеді, яғни ол ұсталып қалған болып есептеледі. Ұсталып қалған ойыншы өзін ұстаған ойыншымен орын ауыстырады. Қақпадан үш рет білдірмей ойыншыға жүлде беріледі.

Тәрбиеші: Рақмет балалар. Отан алдындағы әскери борыштарыңды абыроймен атқарытындарыңа мен кәміл сенемін. Бәріңізге бақыт тілейміз! Отанымыз гүлдеп, егеменді еліміз көркейіп өсе берсін!

4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті

уақыты: 11.20 – 11.50

		4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі ҮІӨ тақырыбы: Спортпен шұғылданамыз! ҮІӨ мақсаты: Заттардың арасымен еңбектеп жүруді бекіту, қозғалыс кезінде дұрыс қалып пен бұлшық	4. Музыка- шығармашылық әрекет ҮІӨ тақырыбы: Біз мектепке барамыз. ҮІӨ мақсаты: Музыкалық ойын арқылы балаларды жылдамдыққа, ептілікке үйрету.	4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі ҮІӨ тақырыбы: Секіртпе – супертренажер. ҮІӨ мақсаты: Қозғалыс ортасын байыту арқылы балалардың даму, сауығыуына жағдай жасау, жұмыс
--	--	--	---	---

		еттердің сәйкес рефлекстерінің қалыптасуына ықпал ету. Тереңдікке секіруге, аяқты бүгіп секіріп түсуге, тепе-теңдік сақтауға жаттығу. Дағды: Оң қол және сол қолмен алысқа лақтыруға үйрету, қолдарын алдымен төменқарай айналдырып, сосын артқа толық жазылғанша сермеп лақтыруға дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: ырғақты гимнастика, оң қол және сол қолмен сермеп лақтыру, көзге арналған жаттығулар. Түсінеді: қолды айналдырып сермеу, секіріп түскенде тепе-теңдік сақтау, қауіпсіздік тәртібі. Қолданады: үйде де қауіпсіздік дағдыларын қалыптастыру, залда алақан мен тізеге басып, еңбектеп жүру, бастапқы қалыпқа дұрыс тұру («малдас құру»; өкшені толық басып отыру; тізерлеп тұру), 35 см биіктіктен төменге секіру. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: «Жаттығуды бастадық – бұл бір! Алшақ – алшақ басайық – бұл екі! Тоқтама сен, кідірме – бұл үш! Күн күлімдеп тұр көкте! Тамаша! Үлкен боламын, күшті болам, ер болам! Тамаша!» Мәтін бойынша қимылдар жасайды. Негізгі жаттығуларды ойын түрінде орындау. Оң қол, сол қолмен лақтыру. қолдарын алдымен төмен қарай айналдырып, сосын артқа толық жазылғанша сермеп лақтыру. Түсіну: Денені жұмырлап, алдыға қарай дөңгелеп, арқасына аунап түсу. Денені жұмырлау – отырып, тізесін біріктіріп, қолдарын еденге, шынтақтарын денесіне қысып,	Дағды: Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру, бір дыбыста құрылған әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен дербес орындауға дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: өз беттерінше әнді таза айтып, қимылдарды ойдан шығарып жасайды. Түсінеді: музыкалық жанрларға тән белгілерді. Қолданады: үйренген дағдыларын іс жүзінде қолданады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Түсіну: Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Гүлдер вальсі» (П. Чайковский, ұнтаспада). Ұлдар қыздарды әдеппен биге шақырады. Бір қадам алға, бір қадам артқа орын ауыстыру, айналу, ұлдар отырып, қыздар ұлдарды айналады, би соңында ұлдар қыздарды орындарына отырғызып, өздері жанына жайғасады. Білу: Музыка тыңдау: «Сәби қуанышы» (Е. Құсайынов). Музыка тыңдап, қандай көңіл күйде орындалғанын, жылдамдығы қалай екенін сұрау. «Сендерге жақсы көңіл сыйлады ма?» – деп сауал қою. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу. Қолдану: Билер: Биді балалардың қалауынша қайталау. Ойындар, хороводтар: «Кім мектепке тез жиналады».	тәртібін ұстану мен қарым-қатынасқа түсе білу қабілеттерінің қалыптасуына көмектесу (топпен жұмыс, жұппен жұмыс). Дағды: Секіртпені айналып бір аяқпен секіргенде аяқтарын түсірмеуге, жерге аяқ басымен қонуға жаттығу. Секіртпелердің арасымен жүріп өткенде, секіртпеден аттап өткенде арқаны тік ұстау дағдыларын бекіту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: секіртпемен жұпта жаттығулар орындау, бетке массаж. Түсінеді: секіртпені түрлі қимыл-қозғалыстарды қолдана алу, секіртпенің астынан өту тәсілін тандаудың оның керілу биіктігіне қатысы, тиімді жол қолдану, аяқты санын 90° көтеріп жүру, аяқтың табан ортасымен итеріліп қозғалу, оң жақ пен сол жаққа кезексекіруді. Қолданады: командамен, жұппен жұмыс, заттардың арасымен заттардан аттап жүріп өту, бір аяқпен секіру, кез келген қимыл кезінде тепе-теңдікті сақтай алу, заттың астынан өту үшін тиімді тәсілдерді таңдай білу дағдылары. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Секіртпеден аттап жүріп келе жатып, қолға арналған жаттығулар орындау. Секіртпеден аттап жүріп келе жатып, қолға арналған жаттығуларды орындайды. Аяқтарын 90° көтеріп, алдымен аяқ басымен басып, сосын толық табанға басады. Біркелкі, бір ырғақпен, қолдарын еркін ұстап, дұрыс тыныс алуға тырысады. (4 баладан қатарға тұрып орындау). Түсіну: Секірулер: ілгері жылжи отырып, бір аяқпен секіртпеден айналып секіру. Аяғының басымен
--	--	--	---	---

			арқасын дөңгелету. Бастапқы қалыптан негізгі акробатикалық жаттығулар жасау. «Орындарымен ауысындар» қозғалыс ойындары Залды екіге бөлетіндей етіп, ортаға арқан төселіп салынады.Әр команда залдың бір бөлігіне орналасады. «Жүгір!» деп белгі берілгенде, балалар өз бөлігінде шашырап жүгіреді. «Ауысамыз!» деп белгі берілгенде, екі топ ауысады. Қай топ бірінші болып толық ауысыпүлгереді, сол топ жеңіске жетеді. Білу: Дыбыстарды айту арқылы тыныс алу жаттығуларын орындау. «А» дыбысы. Өкпе, кеңірдек, көмейдің жұмысын жақсартады. Дыбыстау нәтижесінде тыныс алу тереңдеп, оттегін қабылдау ұлғаяды. Тыныс алғанда шығарылатын ауаны ұлғайту үшін дауысты дыбыстарды мүмкіндігеншесозу қажет. Мысалы: жіп тарқатылғанша созу. «М» дыбысы.Дыбысталуы митамырларына оңтайлы әсер етеді. Психозэмоционалды күйзелістен шығарып, есте сақтау мен тыныштық сезімдерін жақсартады.	Балалардың жылдамдығын, ептілігін тексеру. Ойынға екі бала шығып, мектеп құралдарын біртіндеп портфельге жинайды. Музыкалық аспапта ойнау: «Тамшылар» румын халық әні (өңдеген Т. Попатенко). шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді.	итеріліп секіру. Бірінің артынан бірі секіртпені айналып, бір аяқпен секіріп жүру.Секіртпені басып кетпеуге, оған жақын жүруге, белгі бойынша секіртпені тез ала қоюға тырысады. Білу: Бетке массаж Мақсаты: беттегі белсенді нүктелерге әсер ете отырып, суық тиюдің алдын алу. Маңдайларын, беттерін сипайды. Мұрын қанаттарын ортадан самайға қарай сипайды. Терісін ақырындап саусақ ұшымен тығыздап жатқандай басып, түрткілейді. Мұрын кеңсірігін, қабағын саусақтарымен басады, сағат тілімен айналдырып сипайды (5-6 рет).Қастарын саусағымен басып, қалауынша сызады да, оларды шымшып, ортасынан шеткеқарай түзетеді.
4 үзіліс – 11:50 – 12:30 Балалардың дербес іс-әрекеті Ойын: «Әскери мамандықтар» Мақсаты: Оқушыларға Ұлы Отанды сүюге, ерлік көрсеткен батырлардың бойындағы ержүректілік, отан сүйгіштік, ұлтжандылық қасиеттерін дәріптеу. Отанын , елін қорғай білуге тәрбиелеу. Сөздік қорын молайту,іскерліктерін дамыту.					



Ойын: «Әскери мамандықтар»

Мақсаты: Оқушыларға Ұлы Отанды сүйеге, ерлік көрсеткен батырлардың бойындағы ержүректілік, отан сүйгіштік, ұлтжандылық қасиеттерін дәріптеу. Отанын, елін қорғай білуге тәрбиелеу. Сөздік қорын молайту, іскерліктерін дамыту.

Әдістемелік нұсқаулар: Мұғалім балаларға әскери мамандықтар туралы өлеңдер оқиды. Ол өлеңдерде айтылған мамандықтарды атауды және әскери кәсіптердің басқа атауларын еске түсіруді ұсынады.

Шекарашы

Шекараны қорғау маңызды! Шекарашылардың аты. Адал итпен олар Отанға батыл қызмет етеді.

С. Чертков

Ұшқыш

Ұшқыш өз ісін біледі, аспанда ұшақ жүргізеді. Ол батыл ұшып, жер үстінен ұшады.

С. Чертков

Теңізші

Теңізші кемеде жүзіп жүр, ол жерді аңсамайды. Ол желмен және толқынмен дос, өйткені теңіз — оның туған үйі.

С. Чертков Әрі қарай мұғалім балаларға сөздерді — кәсіптердің аттарын буындарға бөлуді ұсынады. Мысалы: шекарашы, барлаушы, теңізші, сарбаз, о-фи-цер.

Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс

11.50 – 12:00

Сауат ашу негіздері– коммуникативтік, танымдық әрекет

(Аян, Арнұр, Ажар, Аяжан) осы балалармен жұмыс жүргізу. «Кәне, тауып көр» дидактикалық ойыны
Мақсаты: Дыбыстық сызба бойынша жұмыс жасату арқылы дыбыстық талдау дағдыларын дамыту. Алдын ала балаларға дыбыс, сөз, буын сызбаларының үлгілері сызылған карточкалар таратып береді.
Мысалы: [р], -ба-, аққала, ар-, ор-, қа-, [е], [т], [к], та-, ен-, ар-, алма, сабақ, жаңа, дә-, мы-, мон-, [г], [ш], сөз, көз, бала, жа-, үс-, ші-, то-, ки-, [з], [и], са-, ша-, ет, елік, білезік, күнбағыс, ұр-, ын-, лек-, діз-, тик-, қыш-, дол, қол, бол, сал, мал, тау, қы-, тық-, ем-, ек-, іс-, -діз.

Көркем әдебиет - коммуникативтік, танымдық әрекет
(Сұлтан, Нұрым) осы балалармен жұмыс жүргізу.
Мақсаты: Өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге, айналасымен жағымды қарым-қатынас жасай білу дағдысын дамыту.

Қоршаған ортамен таныстыру – коммуникативтік әрекет
(Баланың отбасы және қоғам) (Каусар, Диар) осы балалармен жұмыс жүргізу.
«Жануарлар несімен ерекшеленеді?» атты дидактикалық ойын ойнауға шақырады. Жануарлардың өздеріне тән белгілерін (айырмашылықтарын) атайды. Балалар соған қарап, оның қандай жануар екенін табады
Мақсаты: Тірі нысанды суреттеу қабілетін, зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.

Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету

Серуенге дайындық

Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.

Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.

Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.

«Табиғат

Сәуір
Серуен-Бақылау № 25

Сәуір
Серуен-Бақылау № 26

Сәуір
Серуен-Бақылау № 27

аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай, ойын!» 12.00 – 12:30			Ашық аспан, күнді бақылау Мақсаты: күн энергиясының адамдар, өсімдіктер және жануарлар өміріне әсері туралы білімдерін бекіту. Бақылау барысы Тәрбиеші жұмбақтар жасырады: Үлкен алтын табактан, Әлемге нұр таратқан. (күн) <i>Алауға оранып, Көкке өрлеп шығады. Бір айналып оралып, Көкжиекке бұғады. (күн)</i> Күн биікке көтерілген сайын, күн жылы әрі ұзақ болады. Күннің жылуынан қар ериді, жер жылиды. Шөптер өсе бастайды. Ағаштар бүршік жарады. *Табиғатта тағы қандай өзгерістер болады? *Күн қай жақтан шығады? *Қай жаққа батады? *Жарқырап тұрған күнге тура қарауға бола ма? *Неге? Зерттеу қызметі Ағаш, пластмасса, металл заттарға қол тигізіп қарау, қайсысын күн көп қыздырады? Қандай заттар тез қызады, қоңыр түсті ме, әлде ашық түсті ме? Күннің көзіне ұзақ уақыт қандай заттың көмегімен қарауға болады? (қоңыр түсті әйнекпен) Еңбек Ойын алаңы айналасындағы жолдарды тазалауға аула тазалаушыға көмектесу.. <i>Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын дамыту.</i> Қимылды ойын: «Күн мен түн». <i>Мақсаты: күн мен түннің айырмашылығы жайлы білімдерін тиянақтау, берілген</i>	Жәндіктерді бақылау Мақсаты: «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау; — Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету. <i>Бақылау барысы</i> <i>Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:</i> -Гүлдің нәрін жинайды, Адамға бал сыйлайды. Еңбекқорды аялайды, Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара) -Қанды сорып сүліктей, Ызындап кеп шағады. Бұл қандай бүлік дой? (маса) -Ызындап ән салып, Жүп-жұқа қанаты. Тәттіге тамсанып, Қоқысқа қонады. Бұл не? (шыбын) -Құжынаған жұмыскер, Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа) -Тор тоқуға шебер-ақ, Бірақ киім тікпейді. Өнері де өнер-ақ, Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші) Тәрбиеші сұрақтары. ♦ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер) ♦ Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? (көбелек, құрт т.б) ♦ Қандай жәндік гүлдерді тозандандырады? (аралар) ♦ Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар	Бақбақ гүлін бақылау Мақсаты: бақбақ гүлі туралы білімдерін тиянақтау (гүлдеудің алғашқы кезеңіне көңіл аудару); — табиғатты қорғау және сақтауға деген ынталары мен іскерліктерін қалыптастыру; — емдік өсімдіктер туралы білімдерін тиянақтау. Бақылау барысы Көркем сөз. <i>Аппақ, аппақ бақбақтар, Үлбіреген бақбақтар, Құдды киіз ақ үйлер. Парашиюттен аумайды. Төнеді кеп жан-жақтан, Сәл-пәл самал жел соқса, Тамашалап сәбилер. Ақ ұлалар заулайды. Кәдімгі бақбақ көктемнің тұңғышы. Халық оны «Жер күні», «денсаулық эликсирі» деп атайды. Бақбақ көп жылдық шөптес өсімдік. Олар көбінесе үлкен жүргінші жол бойында, егістікте, шабындықта, жаңа тыңая бастаған жерлерде өседі. Бақбақтың гүлді сабақтары жапырақсыз, ең ұшында бір ірі гүл табақшасы болады. Бақбақ басын күн қызуына қарай бұрады. Күн батқан кезде гүл жапырақтары жабылып қалады, ал, таңертең күн сәулесімен бірге ашылады. Бақбақ-тың гүл оралғысы екі қабат. Сәуір айынан қыр-күйек айына дейін гүлдейді. Гүл жарып болған кезде гүлдері ұлпа ұлпілдек «парашиюттерге» ай-налады. Бақбақтың барлық бөлігі, әсіресе сабағы сұт</i>
---	--	--	--	---	--

			<i>белгі бойынша әрекет етуге баулу.</i> Жаттығу ойыны: Орнында тұрып ұзындыққа секіру. <i>Мақсаты: секіре бітулерін, күштері мен көз өлшемдерін дамыту.</i> Жеке жұмыс: Жаңылтпаш айту: «Ала бұлт ақ па, Ақ бұлт ақ па? Ала бұлт ақ емес, Ақ бұлт ақ» «Анау арал қай арал, Қайыңды арал, талды арал» Жұмбақ: <i>Етек-жеңі жиналмай, Дауыл тұрса дым қалмай, Түйдектеліп көшеді, Тоз-тоз болып өшеді. (бұлт)</i>	өсіп шығады) ♦ Жәндіктер қайда тіршілік етеді? (<i>бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.</i>) ♦ Қандай жәндіктердің пайдасы бар? (<i>ара, жібек құрты, құмырсқа</i>). ♦ Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (<i>құмырсқа</i>) ♦ Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды) ♦ Зерттеу жұмысы Қанқзын тауып, оның атын атау. Құмырсқалар «соқпағын» табу, бақылау. Еңбек: Аланды қоқыстардан тазалау. <i>Мақсаты: үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.</i> Қимылды ойын «Аюлар мен аралар». <i>Мақсаты: кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу.</i> <i>Ептілікке, жылдамдыққа баулу.</i> Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. <i>Мақсаты: жүкіру техникаларын жақсарту.</i> Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады.	сымаққа бай. Бақбақ дәрілік өсімдік. Дәрі жасау үшін бақбақтың тамырын, гүлін, жапырағын пайдаланады. Бақбақтан жасалған дәрілер тәбетті ашуға, ас қорытуға, қан қысымын түсіруге, қатты ісіктерді басуға, ыстықты түсіруге тағы басқа көптеген ауруларды емдеуге пайдаланады. Бақбақты ең қажет дәрілік өсімдік ретінде сақтап, қорғау керек. Балаларға сұрақтар. ♦ Бақбақ гүлінің түрі қандай?? ♦ Ол жылдың қай мезгілінде әдемі болып көрінеді? ♦ Бақбақтың қандай лақап аттары бар? ♦ Бақбақты неге дәрілік өсімдік дейміз? Зерттеу жұмыс: Бақбақтың сабағын кесіп, сүт сияқты сұйықты қарау. Еңбек. Гүл егілген алаң айналасын тазалау. <i>Мақсаты:</i> Үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу. Қимылды ойын «Өз гүлінді тап». Мақсаты: — түстерді айыра білуге, белгі бойынша әрекет етуге үйрету. Жаттығу ойыны. Қимылдарын дамыту Мақсаты: - Қимыл белсенділіктерін арттыру; Ұзындыққа секіруге жаттықтыру.
Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 12.30 – 12.40					

«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару. 12:30-12:40			<i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет студің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет студің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.
---	--	--	--	--	--

Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиешісі: